

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

29 сентября 2015 года в КазНУ им. аль-Фараби состоялось торжественное открытие первой в Центральной Азии Инновационной Академии Samsung. Мировой компанией была предоставлена вся линейка новейшей продукции от телефонов Samsung последней модификации, планшетов и телевизоров до принтеров и систем промышленного кондиционирования. Оснащение инновационных лабораторий Samsung со всем циклом разработки и внедрения программного обеспечения станет хорошим стимулом для студенческих стартапов и открытия бизнес-инкубаторов.

Первая в Центральной Азии Инновационная Академия

SAMSUNG

В официальной церемонии открытия приняли участие президент Samsung Electronics Central Eurasia г-н Юнсу Ким, ректор КазНУ г-н Г.М. Мутанов, а также представители казахстанских вузов и колледжей.

Продолжение на 3 стр.

Новый уровень сотрудничества

В КазНУ прошла конференция под названием «Сотрудничество в сфере высшего образования между Европейским Союзом и Республикой Казахстан». Организаторами конференции выступили КазНУ им. аль-Фараби, Министерство образования и науки РК и Представительства Европейского Союза в РК.

В ходе мероприятия с приветственным словом выступил первый проректор КазНУ им. аль-Фараби М.Буркитбаев. Он отметил, что стремление казахстанских вузов к сотрудничеству с Европейскими Университетами будет способствовать дальнейшей модернизации и интернационализации образовательной сферы Казахстана и определению вектора развития сотрудничества.

Продолжение на 3 стр.

«ЭКСПО-2017» — МЕДИАПЛАТФОРМА УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО КАПИТАЛА

В КазНУ прошла республиканская научно-практическая конференция «ЭКСПО-2017» - медиаплатформа устойчивого развития человеческого капитала», организаторами которой выступили: ОО «Клуб главных редакторов», Комитет связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию РК, КазНУ имени аль-Фараби.



В рамках конференции в формате научных дискуссий были обсуждены: актуальные вопросы развития медийной отрасли в Казахстане, вопросы устойчивого развития, в дискурсе глобального кризиса и развития СМИ; роль медиаобразования и медиаграмотности в продвижении темы «Энергия будущего»; платформа «ЭКСПО – 2017»: генерация идеи и технологий цифровой эпохи, и другие.

На конференции в качестве сопредседателей и модераторов выступили ректор КазНУ имени аль-Фараби г-н Г.Мутанов и председатель совета директоров «Седьмого канала», Президент Клуба главных редакторов Б. Жексенбай, которая назвала конференцию чрезвычайно «важным мероприятием для продвижения бренда «ЭКСПО – 2017».

«Сегодня очень важен поиск новых путей и способов продвижения бренда «ЭКСПО – 2017, использование

новых возможностей и технологий медиаиндустрии в вопросах повышения осведомленности общественности в вопросах устойчивого развития», - сказал Г.Мутанов. Ректор КазНУ отметил роль масс-медиа в продвижении глобального тренда «ЭКСПО – 2017». «Новые медиаплатформы должны создавать новый, современный контент, направленный на консолидацию усилий по продвижению Казахстана в мировое сообщество».

На конференции спикеры отмечали важность и значимость силы слова и акцентировали внимание на развитии человеческого капитала. В свою очередь генеральный директор ТОО «Управляющая компания «Казмедиа орталығы» г-н М.Аюпов отметит следующее: «EXPO – это большой ориентир для всех направлений работы.

Продолжение на 2 стр.

БҮГІНГІ САҢДА:

ӘЛЕМ ТАНЫҒАН
ҚАЗҰУ



2-бет

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
ДАМУ ҮСТІНДЕ



3-бет

ЕВРОПА В КАЗНУ



8-стр.

«ЭКСПО-2017» – медиаплатформа устойчивого развития человеческого капитала

Продолжение. Начало на 1 стр.



Поддержка КазНУ идеи проведения конференции такого масштаба послужит хорошим началом для становления технической площадки для проведения EXPO. Университеты, участвующие в этих инициативах, - подчеркнул г-н М.Аюпов, - уже вносят большой вклад в развитие страны, стимулируют дальнейшее экономическое развитие и способствует устойчивому развитию человеческого капитала».

«Наука сейчас является основным двигателем университетов, на базе, которой строится и развивается инновационная деятельность», - заметил главный редактор интернет газеты - «Алаш-айнасы» С. Жанболат. «Мы должны поддерживать молодых ученых, у которых есть идеи, научные разработки, и распространять это в СМИ, с целью - изменить мир к лучшему», - добавил спикер.

В настоящее время ученые КазНУ активно ведут работу над рядом

проектов, которые будут представлены на выставке «ЭКСПО – 2017». В этой связи, особо следует отметить разработку университетских наноспутников в рамках международного консорциума UNIFORM совместно с Токийским университетом. Несколько лёгких образцов наноспутника, сконструированных на базе университета, прошли совместные успешные испытания в Ракетно-космической корпорации «Энергия» и Берлинском техническом университете, первый из которых будет запущен в ближайшее время с борта Международной космической станции. В планах также запуск трехмодульного наноспутника и научно-технологического микроспутника весом до 50 кг. В дальнейшем предполагается наладить малосерийное производство наноспутников широкого назначения, которые будут показаны на выставке «ЭКСПО-2017». В этом направлении КазНУ активно сотрудничает с вузами

и научными центрами США, Германии, Японии и Кореи.

В продолжение конференции главный редактор газеты «Бизнес&Власть» О. Хе вынес на обсуждение вопрос о роли журналиста и опыте медиаменеджмента. Спикер отметил о необходимости ориентации современного медиауправления на непрерывно происходящие технологические преобразования. «Новые технологии - это новые возможности. EXPO – это платформа устойчивого развития. Это яркая страница истории Казахстана, которая покажет технические и технологические достижения нашей страны», - отметил О.Хе.

Сегодня с появлением новых технологий создаются медиа-платформы и новые конвергентные пространства. Как ведущий вуз страны, Университет всецело поддерживает медиа-стратегию Казахстана. Использование новых возможностей и технологий медиаиндустрии в стране, смогут в дальнейшем положительно повлиять на имидж и найти новые пути продвижения бренда «ЭКСПО – 2017».

Во время мероприятия ректор КазНУ г-н Г.Мутанов и генеральный директор ТОО «Управляющая компания «Казмедиа орталығы» г-н М.Аюпов подписали Меморандум о сотрудничестве. В ближайшее время современный деловой технологический комплекс, позволяющий осуществлять полный цикл работ в сфере цифровых медиатехнологий выразил готовность сотрудничать с КазНУ.

В конце конференции состоялась торжественная церемония награждения медалью «80 лет КазНУ им. аль-Фараби» руководителей СМИ и видных ученых за лучшие достижения и вклад в развитие Медиа рынка.

Итогом завершения конференции стало принятие Резолюции о совместной работе казахстанских масс-медиа и ученых по продвижению бренда «ЭКСПО-2017».

Пресс-служба КазНУ

ФАКУЛЬТЕТ ТЫНЫСЫ

Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасы «Көкжиек» ғылыми-шығармашылық клубы Тілдер фестивалі аясында «Ана тілдің мерейі» атты әдеби-шығармашылық кеш өткізді.

Шарада тіл тазалығы туралы көптеген ұсыныстар айтылып, кеш соңында «Көкжиек» ғылыми-шығармашылық клубы жариялаған «Ана тілдің мерейін асыру үшін мен не істей аламын?» блиц-сауалнаманың қорытындысы хабарланды.

Физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының 4-курс студенттерінің ұйымдастыруымен «Қазақ хандығының 550 жылдығына» арналған патриоттық қойылым өткізілді.

Іс-шара Қазақ елінің кешегі тарихи кезені мен бүгінгі болашағын ұштастырып, кеш қонақтарының патриоттық рухын жандандыра түсті. Қойылымды университетімізге келген шетел қонақтары да тамашалады.

Жуырда ҚазҰУ-дың Экология мәселелері жөніндегі ҒЗИ, Экономика және бизнес жоғары мектебінің Экономикалық зерттеулер орталығы, география және табиғатты пайдалану факультеті бірлесіп, «Жасыл экономика – заманауи ғылым дамуының инновациялық бағыты» тақырыбында халықаралық дөңгелек үстел өткізді.

Жасыл экономикаға көшу жолдарын талқылау барысында ғалымдар – экономистер, физиктер, химиктер, географтар және экологтар – Қазақстанның ұлттық экономикасының дәстүрлі моделін «жасыл» модернизациялаудың басымды бағыты, оның негізгі тенденциялары мен кезеңдері жөнінде пікір алмасты. Сонымен бірге «жасыл» реформаларды жүзеге сәтті асыру үшін ұсыныстар айтылды.

Жақында Ғылыми және инновациялық қызмет жөніндегі департаменттің ұйымдастыруымен Oxford University Press өкілі Марчин Дембовскийдің семинары өтті.

Шарада Марчин Дембовский әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғалымдары үшін зерттеулер жүргізу бойынша, әлемге әйгілі Оксфорд университетінің гранты пен шәкіртақысын алу мүмкіндіктері туралы айтты. Сонымен қатар, лектор Қазақстан ғалымдары үшін өзекті және қажетті болып табылатын Oxford Language Editing жүйесіндегі ғылыми мақаланы өңдеу сервисі жөнінде сөз қозғады.

Құрбан айт мерекесіне орай физикалық химия, катализ және мұнайхимиясы кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы мен 4-курс студенттері қайырымдылық шарасын өткізді.

Оның барысында Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға Алматы қаласы әкімшілігі тарапынан көмек көрсетілді.

kaznu.kz

РЕКТОРАТ

Әлем таныған ҚазҰУ

Ғылым мен инновация саласындағы университет жетістіктері жыл сайын артып, әлемдік білім кеңістігіндегі танымалдылығымызға жол ашуда. Белгілі QS халықаралық рейтинг агенттігінің биылғы зерттеу қорытындысы сөзімізге дәлел. Ел білімі мен ғылымының көшбасшысы ҚазҰУ биыл өз нәтижелерін жақсартып, 275-орынға көтерілді. ҚазҰУ ректоры Ғалым Мутанұлы тілге тиек еткендей, биіктеген сайын бәсеке де күшеймек. Сондықтан университет басшысы әр бағыт бойынша қорытынды жасап, алдағы міндеттерді айқындауды тапсырды. Осы орайда кешегі ректорат отырысында алдымен ҚазҰУ-дағы интернационализм үдерісі мәселелері көтеріліп, Бірінші проректор Мұхамбетқали Мырзабайұлы Бүркітбаев хабарлама жасады.

Бүгінгі таңда білім беруді интернационалдау – ұлттық, саяси, әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған мемлекеттік саясаттың маңызды нысаны мен құралына айналып отыр. Бұл ретте ҚР Білім және ғылым министрлігі деңгейінде «Болашақ», шетелдік мамандарды тарту, академиялық

ұтқырлық бағдарламаларымен қатар, SCO-PUS, Thomson Reuter мәліметтер базасына ұлттық жазылу жұмыстары атқарылуда. Ал жоғары оқу орындарында оқу үдерісін ұйымдастыруда, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде, университет қызметін үйлестіруде, яғни халықаралық танымалдылығын арттыру

барысында интернационалдық бөлшектерді ендіру оның айқын көрінісі болып табылады. Осы ретте ҚазҰУ көрсеткіштерін саралаған Мұхамбетқали Мырзабайұлы соңғы үш жылда ҚазҰУ-дың шетел университеттерімен жасаған ынтымақтастық туралы келісімшарттары мен меморандумдарына, қос диплом бағдарламасына, сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлық жағдайына, оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлердің шетелдік іссапарларына кеңінен тоқталды. Оның ішінде, әсіресе, шетелдік профессорлар мен студенттерді тарту мәселесіне ерекше назар аударылу қажеттігі айтылды. Сондай-ақ халықаралық ұйымдарға мүше болу әрі бірігіп жұмыс істеу, шетелдегі ҚазҰУ өкілдіктері, БҰҰ-ның жаһандық хабы ретіндегі ҚазҰУ қызметтері, халықаралық ҚазҰУ достарының клубы туралы мәліметтер көз қуантады. Баяндама соңында бірінші проректор әлемдік деңгейдегі университет формуласын ұсына отырып, әр мәселе бойынша нақты жұмыс жоспарын талқылауға салды.

Әйгерім ӘУЕЗХАН

ҚазҰУ-да «EXPO-2017» – «адами капиталдың тұрақты даму медиаалаңы» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті

Первая в Центральной Азии Инновационная Академия SAMSUNG

Продолжение. Начало на 1 стр.

«Лаборатория предназначена для студентов университета и среднеспециальных учебных заведений, которые смогут познакомиться с отраслью сервисного обслуживания техники, получить практические навыки ремонта цифровой техники», - отметил ректор КазНУ Г.М. Мутанов.

В поддержку Стратегии «Казахстан - 2030» и «Программы занятости -2020» Республики Казахстан КазНУ и компания Samsung совместно прилагают усилия в решении проблемы подготовки квалифицированных кадров через предоставление возможности дуального образования для студентов в области сервисного обслуживания.

В этом году образовательный центр будет способен принять на обучение до 120 студентов одновременно. Академия оснащена современным оборудованием для осуществления ремонтных работ и разделена на практическую и теоретическую зоны.

В лаборатории «Инновационной Академии Samsung» студенты КазНУ будут заниматься разработкой программного обеспечения, проведением совместных прикладных исследований в области информационно-коммуникационных

технологий и цифровых решений.

Ректор КазНУ Г.М. Мутанов отметил, что «совместный социальный проект поддерживает цели программы форсированного индустриально-инновационного развития Казахстана, в рамках которой университет отвечает за подготовку специалистов области информационных технологий. Выпускники, успешно прошедшие программу по работе с техникой Samsung, будут иметь преимущество при приеме на работу в сервисных центрах компании».

По окончании тура по лаборатории с участием инженеров Samsung и разработчиками учебно-методических комплексов президент Samsung Electronics Central Eurasia г-н Юнсу Ким выразил благодарность за оказанное доверие и сотрудничество ректору и подчеркнул, что выбор КазНУ как базы для лаборатории не случаен: «Ваш университет - авторитетный учебный и исследовательский центр, известный своими талантливыми выпускниками, студентами и сильным профессорско-преподавательским составом. КазНУ является бесспорным лидером среди вузов Казахстана по научно-технологическому и инновационному потенциалу».



Стартом для инновационного сотрудничества между КазНУ и крупным производителем высокотехнологичных компонентов послужило подписание Меморандума о сотрудничестве по проекту «Инновационная Сервисная академия Samsung». Проекты университета с крупной международной компанией стали традицией. Это уже второй совместный проект между КазНУ и лидером по производству и продаже электроники.

Открытие Академии Samsung расширяет платформу всемирно известных компаний как «Hewlett-Packard», «Cisco», «Konica minolta», «Microsoft», «Alcatel», успешно функционирующих в университете. Таким образом, идет укрепление позиций Казахстана в мировом научно-образовательном пространстве, вклад в человеческий капитал и развитие экономики, основанной на знаниях.

Пресс-служба КазНУ

Новый уровень сотрудничества

Продолжение. Начало на 1 стр.

На заседании были представлены доклады ученых Казахстана и зарубежных гостей. Они продемонстрировали результаты совместного взаимодействия за последние годы, а также обсудили будущие возможности и перспективы сотрудничества. В частности, директор Департамента высшего и послевузовского образования Министерства образования и науки РК Серик Омирбаев в своем докладе рассказал о результатах сотрудничества вузов ЕС и Казахстана, отметив девять тысяч договоров и меморандумов, заключенных между казахстанскими и зарубежными университетами.

«Особо хотелось бы отметить президентскую программу «Болашак», которая получила всемирную известность. За двадцать лет стипендиатами международной программы «Болашак» стали более десяти тысяч казахстанцев. Сегодня эта программа диверсифицирована, и по данной стипендии могут обучаться не только на уровне высшего образования, но и обучаться



по программам магистратуры, докторантуры и по различным видам образовательных и научных стажировок», - сказал С. Омирбаев.

На конференции также взял слово глава отдела по вопросам политики, прессы и информации Представительства ЕС в РК Камен

Величков. Он подчеркнул, что «образование всегда было ключевой областью сотрудничества между ЕС и Казахстаном, что принесло значительные достижения. Оно останется приоритетным направлением в рамках нового расширенного Соглашения о партнерстве и сотрудничестве между ЕС и Казахстаном. Я надеюсь, что студенты, посетившие нашу выставку, всерьез рассмотрят возможности, представленные Европейскими университетами, в то время как преподаватели учебных заведений заинтересуются партнерскими программами сотрудничества с Европейскими образовательными учреждениями».

Напомним, что в КазНУ им. аль-Фараби прошла ярмарка европейского высшего образования. В мероприятии приняли участие восемьдесят вузов и образовательных организаций из 24 стран Европейского Союза (ЕС).

Рустем АБРАЕВ

На механико-математическом факультете прошла международная конференция «Вычислительные и информационные технологии в науке, технике и образовании»

Тілдер фестивалі аясында жүргізілген сауалнама нәтижесі:

Тіл – халықтың асыл қазынасы.
Тәуелсіздігіміздің қуатты құралы. Елбасы

Н.Ә.Назарбаев: «Мемлекеттің ең басты дүниесі – тек ғана байлық емес, сонымен қатар ана тіліміздің болашағы» деген болатын. Осы орайда Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент жыл сайын Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күніне орай Тілдер фестивалі апталығын өткізуді дәстүрге айналдырып отыр. Өз кезегінде факультет ұстаздары мен студенттері мерекеге орай көптеген іс-шаралар ұйымдастырып келеді. Тілдер апталығы аясында тілді құрметтеу, оны насихаттау, әлем тілдері қолданысын кеңейту мақсатында жүзеге асып жатқан ауқымды шаралардың көптігі қуантады. «Қазақ университеті» газеті де апталық аясында дәстүрлі түрде көп тіл білетін оқытушы-профессорлар мен қызметкерлерді анықтап, сауалнама жүргізуді қолға алған. Биылғы сауалнамамыз бойынша анықталған полиглот-оқытушылар мен қызметкерлерімізбен таныс болыңыздар.



ЖУМАҒҰЛОВ ҚАЛҚАМАН ТҰРСЫНҰЛЫ
тарих, археология және этнология факультеті
Менгерген тілдері: неміс, швед, дат, норвеж, голанд, латын, орыс, қазақ



АЙТАШЕВА ЗАУРЕ ГАЙНЕТДИНОВНА
биология және биотехнология факультеті
Менгерген тілдері: қазақ, орыс, ағылшын, неміс, француз, итальян



ДОСОВА СЕНИМГҮЛ НАУРЫЗБАЕВНА
шығыстану факультеті
Менгерген тілдері: қазақ, орыс, урду, хинди, ағылшын, француз



СЕНЦИРБАЙ МҰХТАР ЖАНҰЗАҚҰЛЫ
философия және саясаттану факультеті
Менгерген тілдері: ағылшын, қазақ, орыс, түрік, грузин, жапон



ЖЕҢІС ЖАНАР
химия және химиялық технология факультеті
Менгерген тілдері: қазақ, орыс, қытай, жапон, ағылшын



ҚАРАҒОЙШИЕВА ДАНЕЛЬ АЛМАСБЕКОВНА
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
Менгерген тілдері: қазақ, орыс, ағылшын, неміс, түрік



НӘДІРОВА ГҮЛНАР ЕРМҰРАТҚЫЗЫ
шығыстану факультеті
Менгерген тілдері: қазақ, орыс, ағылшын, араб, француз



ЕРГӨБЕК ШЫҢҒЫС ҚҰЛБЕКҰЛЫ
аккредитация, рейтинг және сапаны басқару жөніндегі орталық
Менгерген тілдері: қазақ, орыс, түрік, ағылшын




ҚОНДЫБАЕВА РАУШАН ЖҰМАКЕРІМҚЫЗЫ
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
Менгерген тілдері: қазақ, орыс, ағылшын, түрік



САРБАЕВА РОЗА ЕСХАНҚЫЗЫ
халықаралық қатынастар факультеті
Менгерген тілдері: қазақ, орыс, ағылшын, неміс



АСЫЛБЕКОВА АЙЖАН АСЫЛБЕКҚЫЗЫ
академиялық мәселелер жөніндегі департамент
Менгерген тілдері: қазақ, орыс, неміс, ағылшын



БАЙМҰРЗИНА АЙНҰР АМАНҒАЛИҚЫЗЫ
халықаралық ынтымақтастық департаменті
Менгерген тілдері: қазақ, орыс, ағылшын, француз




ЖУМАБАЕВА МАДИНА БОЛАТҚЫЗЫ
халықаралық ынтымақтастық департаменті
Менгерген тілдері: орыс, қазақ, ағылшын, неміс



АЛЯХИМЕТ АЙДАНА ҒАБИТҚЫЗЫ
халықаралық ынтымақтастық департаменті
Менгерген тілдері: қазақ, орыс, ағылшын, француз



ЖОМАРТҚЫЗЫ АЙША
халықаралық ынтымақтастық департаменті
Менгерген тілдері: орыс, қазақ, ағылшын, неміс



ӘЛІМКҰЛ АЙЖАН МАРАТҚЫЗЫ
халықаралық ынтымақтастық департаменті
Менгерген тілдері: қазақ, орыс, ағылшын, корей

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ДАМУ ҮСТІНДЕ

Жуырда Әл-Фараби кітапханасында «Есептеу және ақпараттық технологиялар ғылымда, техникада және білімде» атты халықаралық конференция болып өтті. Шараға Германия, АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Сербия, Үндістан, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан мемлекеттерінен келген оқытушы-профессорлар мен жас ғалымдар қатысты.

Конференция техникада алдыңғы қатарлы есептеу және ақпараттық технологияларды қолдануды, білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықты арттыруды және халықаралық байланыстарды нығайтуды өз жұмысына арқау етті. Оның барысындағы екі пленарлық мәжілісте ғылыми бағыт бойынша 14 және 250-ге жуық теориялық, тәжірибелік қолданбалы сипаттағы баяндамалар оқылды.

Есептеу технологиясы саласында Қазақстан мен Ресей мемлекеттерінің ғалымдары екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайтумен келеді. Бұған дейін конференция еліміздің әр өңірінде ұйымдастырылған болса, қазіргі таңда оның географиялық аумағы кеңейтіліп, Еуропа, АҚШ, Жапония, Үндістан, Түркия және т.б. елдердің жетекші ғалымдары қатыса бастады. Біздің мемлекетіміз де жыл сайын жаңа

технологияларды игеріп, халықаралық ұйымдардың қызметіне атсалысып, сыртқы саяси және экономикалық қарым-қатынас саласында айтарлықтай табысты қызмет етуде.

Шет мемлекеттен келген ғалымдар өз кезегінде ҚазҰУ ұжымына алғыс айтып, сондай-ақ, Қазақстанның қарқынды дамуын, саяси және экономикалық салалардағы жетістіктерін жоғары бағалады. Осы ретте Ресей, АҚШ, Франция сынды алпауыт елдердің жас ғалымдары да Қазақстанның белді оқу ордасындағы жоғары деңгейдегі ынтымақтастықты және дәстүрлі достық қарым-қатынасты негіз ете отырып, білім және ғылым саласындағы өзара байланысты кеңінен дамытуды

ұсынды. Сонымен қатар мәжіліс жиынында «Технологиялық үрдістерді математикалық модельдеу» бағыты бойынша еңбектер жинағын Thomson Reuters агенттігі индекстейтін Springer баспасының «Communications in Computer and Information Science» сериясында жариялануы конференцияның жетістігі деп бағалауға болады.

Екі күнге созылған халықаралық пленарлық мәжілісте технологиялық үрдістерді математикалық модельдеу, ақпаратты басқару, автоматтандыру сынды тағы да көптеген өзекті мәселелер қозғалып, өз шешімін тапты.

Жұлдыз ӘБІЛ

Университетте еуропалық жоғары білім беру көрмесі өтті

Қазақтың мұңын айтып, жоғын жоқтайтын, елі үшін еміреніп, өзіндегі барды өскелең ұрпаққа дарытуды ойлайтын алаштың нар тұлғалы азаматтары жоқ емес. Солардың бірі және бірегейі — Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің аға оқытушысы, республикалық ән байқауларының жүлдегері, сазгер Құдиярбек Ағыбаевпен арамыздағы достықтың жалғасын тапқанына да талай жылдардың жүзі болыпты.

Тегі түрік Анахарсис бабамыздан қалған мынадай бір тәмсіл бар ғой. Оның анасы грек қызы болған. Сондықтан, грек тілін өз тіліндей меңгерген Анахарсис Грекияның Солон деген философын іздеп барып: «Сізбен дос болайын деп келдім», — дейді. Солон оның өтінішін бірден қабылдамастан:

«Әр адамның досты өз елінен іздегені дұрыс болар», — депті.

Дос туралы сыр

Сонда Анахарсис бабамыз сөзден тосылмастан: «Сіз өз еліңізде тұрсыз әрі өз сөзіңізге өзіңіз жауап бердіңіз. Демек, менімен достасқыңыз келгені», — депті. Оның тегін адам емесін білген Солон оны бірден жылы қабылдап, соны өмір бойғы достыққа ұласыпты. Міне, сол сияқты Құдиярбекпен достығымыз өткен ғасырдың сексенінші жылдарында Қостанай облысының астықты өңірінде басталған еді. Екеуміз әр танды бірге атырып, астықты алқаптан тыным таппастан телерадио эфиріне арнайы репортаждар жүргізген едік. Бұдан соң да Құдекең он жылдан астам тәуелсіз Қазақстан Республикасының Парламентінде арнайы тілші болып қызмет атқарды. Оның осынау еңбегі ескеріліп, жақында ғана Елбасы бұйрығымен «Қазақстан Конституциясына — 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Өмірдің сан алуан соқпақтарын көрген Құдиярбек 1987-2000 жылдары ұзақ уақыт үлкен шаңырақ Қазақ радиосында тілшіден бастап, бас директорға дейін қызмет атқарды. Республикадағы тұңғыш

электронды БАҚ-тың бірі ретінде Қазақ радиосында «Тәулік тынысы», «Панорама дня» секілді акпараттық-сазды бағдарламалардың санды аппаратурадан хабар таратуына атсалысты. Он үш жылдай республиканың газет-журналдарында еңбек етті. Құдекең жастайынан эссе, өлең, әңгіме, мақала жазып, Шерхан Мұртаза, Мұқағали Мақатаев, Шәмші Қалдаяқов, Бекен Жамақаев сынды тұлғаларды өзіне мектеп етті.

1980 жылы көрнекті ақын М. Әлімбаевтың тұсаукесерімен балаларға арналған бір топ өлеңі «Балдырған» журналында жарияланып, оқырман жылы қабылдаған еді. Содан бері оның әңгімелері, өлең балладалары, очерктері республикалық басылымдарда жиі көрініп, «Жыл онекі ай», «Балалар әні», «Махаббат назы», «Береке бастауы», «Біз — октябратпыз», т.б. оннан астам жинақтарға енді. «Қарлығаштар» — тұңғыш өлеңдер жинағы, «Үзілмеген үміт» деп аталатын повесі, «Айналайын» — балаларға арналған өлеңдер мен ертегілер, «Қазақ радиосы — 80» деп аталатын зерттеу кітаптары бар. Оның жазған «Аймен

жарысқан пошташы Жаманқұл», «Тазша бала», «Ала мысық», «Түйе қалай жыл басынан құр қалды?» деп аталатын сценарийлері бойынша «Қазақфильм» киностудиясында анимациялық фильмдер түсірілді. Сондай-ақ, «Жігітке жеті өнер де аз» демекші, Қ.Ағыбаевтың бүгіндері телерадио эфирінен жиі орындалып жүрген отыздан астам әндері бар. 2001 жылы Оңтүстік Кореяның «LG» компаниясы шығарған «Караоке» ән дискісіне 20 әні енген. Онаша отырып, ән жазғанда рухани күш алып, ұлттық мұра құндылықтарымызды, салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды насихаттап, оның бүгінгі мен ертеңін ойлайды. Оның: «Эстрада — заманның талабы. Алайда, әнге деген көзқарас өзгеріп, дәстүрлі әнімізді ұмытпасак, оның түп негізін ұлттық әуендерімізден іздесек екен», — деген тілегі бар.

Бүгінде саликалы ұрпақ өсіріп, немере тәрбиелеген ол: — Күздің ызғарлы суық желі анамнан төрт айлығымда қалған мені самал боп аймалап сүйді, қыстың бет қаритын аязы жұдырықтай жүрегімнен тараған қан тамырларыма айрықша



жылу құйды, шілденің құс қанатын күйдіретін аптап ыстығы жаныма жай таптырар салқын леп боп есті, көгілдір көктемнің жаймашуақ күні бұғанамды бекітіп, сүйектерімді қатайтып, аяғымнан қаз тұрғызды, — дейді өткен күндерді еске алып.

«Тым болмаса бір досы жоқ адам өмір сүрмей-ақ қойса болады» деген екен атақты Демокрит. Ол заманда да мінсіз дос табу дәл бүгінгі күндегідей қиын болса керек. Сол айтқандай, жан-жағына жүрек жылуын тарата жүретін, өз кәсібінен берекет тауып, кішіге — аға, үлкенге — іні бола білген Құдиярбек Ағыбаевтай абзал азаматты әріптестері, біздер, мақтан етеміз.

Әмір МОЛДАБЕКОВ,
ф.ғ.к., халықаралық ЮНЕСКО
сыйлығының иегері

Тіл туралы толғаныс

Тіл туралы ой толғағанда еріксіз ақын Қадыр Мырзалиев атамыздың:

«Ана тілің — арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте», — деген өлең жолдары еске түседі.

Тіл дегеніміз — қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті ұғым. Ол — тек адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасының құралы ғана емес, кез келген ұлттың өкілін тәрбиелейтін, атадан-балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра.

Қайсыбір мемлекет болмасын оның ең әуелі ұлықтайтын тілі — мемлекеттік тілі. Ол — әлемдік қауымдастықтағы мемлекеттердің басты белгілерінің бірі, ұлттық саясаттың көрсеткіші. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі — қазақ тілі. Ұлы даламызды мекен еткен байырғы қазақ халқымен қазақстандық басқа да ұлт өкілдерінің тарихи тағдырын тоғыстырып, теңдік пен татулықты қалыптастырып, бейбіт қоғамды орнықтыруға қол жеткізіп отырған бірден-бір себепкер де тіл екендігі мәлім.

Қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алып, Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабында, Қазақстан Республикасының тіл туралы Заңының 4-бабында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл — қазақ тілі» делінген. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2011 жылғы

Жолдауында: «Біздің міндетіміз — 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтар санын 80 пайызға дейін жеткізу, ал 2020 жылға қарай олар кемінде 95 пайызды құруы тиіс», — деген болатын. Елбасы тапсырмасын дер кезінде орындау үшін қарқынды әрі пәрменді жұмыстар қажет.

Қазақ тілі заңды тұрғыда мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болғанмен, оның мемлекеттік басқару, ғылым мен техника, ұлтаралық қарым-қатынастағы рөлі әлі мемлекеттік органдардың қолдауын қажет етеді. Әсіресе, мемлекеттік органдарда іс жүргізуді толық мемлекеттік тілге көшірудің үлкен стратегиялық маңызы бар. Себебі, қоғамдық өмірдің қай саласы болмасын мемлекеттік органдар арқылы басқарылады. Сондықтан басқару тетігіндегі тілдік ахуал әр салаға тура ықпал етеді десек, асыра айтқандық емес. Сол себепті жергілікті атқару құрылымдарындағы мемлекеттік тілді орнықтыру жұмысын түпкілікті әрі нәтижелі етіп жүргізуге баса көңіл бөлінсе, онда нәтижеге қол жеткізілетіні анық. Қазақстанда қазақ тілін әр азамат білу керек. Ұлттың қамын, тілдің сақталуын, дамып, өркендеп қоғам өмірінен тиісті орнын алуын бүгіннен бастап ойластырып, атсалысқанымыз абзал.

Мемлекеттік тілді дамыту аясында заң факультетінің кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасында жыл сайын қазақ тілін дамытуға байланысты бірқатар ауқымды жұмыстар атқарылуда. Атап айтар болсақ, биылғы оқу жылында кафедраның оқытушы-профессорлар құрамы мен заң факультетінің тілге, елге деген жанашыр студенттері арасында мемлекеттік тілді қолдану мен дамыту мәселелері жөнінде кездесу болды. Кездесуге келген қонақтар өз ойларын ортаға салып, тілге, елге деген құрметтерін білдірді.

Халқымыз «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, еліміздің ертеңгі жарқын болашағына ел болып, халық болып үлесімізді бүгін қосайық. Тіл байлығы — елдің елдігін, жұртшылығын, ғылымы мен әдебиетін, өнеркәсібін, мәдениетін, қоғам құрылыстары мен салт-санасының, жауынгерлік дәстүрінің қай дәрежеде екенін көрсететін сөзсіз дәлелді мөлшері.

Айнаш ЕСЕКЕЕВА,
кеден, қаржы және экологиялық
құқық кафедрасының
аға оқытушысы

Колледж КазНУ – это высококвалифицированный преподавательский состав, который дает качественное образование, используя новейшие технологии обучения, передовые достижения науки и техники. Колледж имеет высокий рейтинг в отечественной научно-образовательной системе.

Экскурс в познавательный мир студентов



Преподаватели колледжа стремятся к тому, чтобы помочь сохранить студенту свою индивидуальность, выявить потребности, помочь ему в интеллектуальном и нравственном развитии.

Для студента колледж КазНУ – это не только современные учебные программы, лекции и семинары, напряженные сессии, но и многообразная студенческая жизнь!

Важной задачей современного образования является формирование творческого мышления и продуктивной деятельности обучающихся для свободной реализации возможностей и способностей личности в обществе. Одним из способов формирования познавательной активности обучающихся является использование в учебном процессе методов научно-исследовательской деятельности.

На сегодняшний день в колледже КазНУ имени аль-Фараби студентам предоставляется возможность реализовать себя, раскрыть свой потенциал, влиять на положение дел в колледже.

В колледже проводятся разнообразные мероприятия по организации досуга студентов. В рамках реализации планов колледжа КазНУ 10 сентября 2015 г. обучающиеся 1 курса способствовали научную библиотеку университета. Экскурсионная работа с участием кураторов позволила расширению кругозора обучающихся, их знакомству с историей Казахстана, культурой своего народа и мировой культурой. Экскурсовод музея библиотеки Ж. Манапбаева познакомила студентов с историей становления музея, увлекательно рассказала о биографии и творчестве знаменитого древневосточного учёного аль-Фараби.

Качественная подготовка обучающихся – главная образовательно-воспитательная задача колледжа. Ориентация на нравственность, высокую культуру поведения и общения, а также осуществление принципа свободы выбора являются важнейшими факторами и условиями всей воспитательной работы в колледже.

Заместитель директора колледжа по учебно-воспитательной работе
Омарова А.К.

«I-WEB» жобасының конференциясы өтті

Жуырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы(ОААЭО) бірлесіп, TEMPUS Еуропалық Одақ бағдарламасы аясында «I-WEB» (су ресурстарын біріктіріп басқару: білім және бизнес саласында әлеуетін және әсерін дамыту) жобасының қорытынды конференциясын өткізді.

Аталмыш конференция Лондондағы Миддлсекс университетінің (MU) басшылығымен 15 серіктестен тұратын консорциум орындаған Еуроодақтың Қазақстандағы үшжылдық жобасын тұжырымдады. Қазақстанның үш қатысушы университеті: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жобадағы практикалық жетістіктерін көрсетіп, тәжірибелерін ортаға салды.

Жоба тақырыбы Орталық Азия аймағында өзекті. Себебі су проблемасы, суға байланысты сұрақтар бойынша трансшекаралық ынтымақтастық, ауыз

судың қолжетімділігі, ақаба суларды тазарту және т.б. – аталмыш жобаның қатысушы мемлекеті Қазақстан үшін де өте маңызды. Аталмыш жоба өзінің даму бағыты бойынша ұлттық деңгейден аймақтық бастамаға айналды. Олақпаратқа және білім ресурстарына, Қазақстанда, сонымен қатар осындай проблемасы бар аймақтарда біріккен трансшекаралық әрекеттер арқылы мамандар, сарапшылар мен педагогтардың әлеуетін көтерді.

Конференция Лондонның Миддлсекс университеті, Лейпциг университеті, Валенсияның Техникалық университеті, Кипра университеті, (ОААЭО), Арал теңізін құтқару жөніндегі халықаралық кор, Орталық Азия аймағындағы

халықаралық және ұлттық сарапшылар ұсынған су ресурстарын біріктіріп басқару мен су саясаты және дипломатиясы аясындағы халықаралық тәжірибеге үлкен назар аударылды.

Конференцияда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Ш.Уәлиханов атындағы КМУ, Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-дың қазақстандық сарапшылары ұсынған экология саласындағы халықаралық ынтымақтастықты, пәнаралықты, су ресурстарын біріктіріп басқару, аталған курсқа тұрақты даму және жаңа оқу құралдарын көрсететін қазақстандық университеттердің магистранттарына су ресурстарын біріктіріп басқару бойынша оқу бағдарламасын дайындау және енгізу тәжірибесіне жеке сессия арналды.

Г.М. МИНЖАНОВА,

«Турақты даму бойынша ЮНЕСКО» кафедрасы меңгерушісінің орынбасары жоба үйлестірушісі

■ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА - 550 ЖЫЛ

КЕРЕЙ мен ЖӘНІБЕК хандардың ту тіккен ордасы

Қазақ хандығының қалыптасу тарихы еліміздің елдігін әлемге паш еткен ұлы оқиға. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Қазақ хандығының 550 жылдығы жер-жерде жаппай атап өтілуде. Мерейтой қарсаңында хандықтың қалыптасу тарихының беймәлім беттерін толықтыру өзекті мәселе. Жәнібек пен Керей сұлтандардың Ақ Орданың құрамынан бөлініп шығып, жеке орда құруы - ел тарихындағы аса маңызды белес.

Осы орайда ағымдағы жылдың тамыз айында ҚазҰУ-дың археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры т.ғ.д. М. Елеуов пен т.ғ.к. Д. Талеев М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті қолдауымен ұйымдастырылған тарихи-археологиялық экспедицияға жетекшілік етті. Экспедиция Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты жаңа деректер жинауды мақсат етті. Далалық зерттеу жұмыстары жүргізілетін нысан ретінде Шу өзенінің ескі арнасының бойындағы Шәрі қалашығы тандалып алынды. Мойынқұм кентінен шығысқа қарай 30 шақырым жерде орналасқан Шәрі және Қойшыман қалашықтары Қазақ ұлттық университетінің археологиялық экспедициясы Шудың төменгі ағысында 1989 жылы барлау жүргізген кезде алғаш ашылған болатын. Бір-біріне жақын орналасқан осы екі қала жұрттарының жоғарғы қабатында XV ғасыр материалдары кездескен.

М.Х. Дулатидің «Тарихи-Рашиди» атты еңбегінде аталатын Керей мен Жәнібек хандардың көші алғаш тоқтаған Шу өзені мен Қозыбасы тауының аралығында орналасқан осы екі қалашықтың Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысы болуы географиялық жағынан да, мерзімдік жағынан да сәйкес келеді. Шәрі қалашығына салынған қазба барысында түсті металдан түйін түйген зергерлердің ұстаханасы мен тұрғын үйлері тұрған орын аршылды. Екі бөлме ішінде



орналасқан бірнеше пештерден тұратын ұстахана ішінен мыс қаңылтырлардың түрлі кесіктері, сырға, сақина жасау үшін дайындалған үлгілер, әшекей бөлшектерін жасайтын қола қалыптар мен мыс қаңылтырларды кесетін темір қайшы, темір қысықтар табылды. Бұларға қосымша шеберлер қолданған қыш ыдыстар, құты, көзе, түсті металл балқытқан тигил де бүтін күйінде сақталыпты. Металл балқытқан пештердің бірінің түбінен қазіргі пиалалардың өлшеміндей қытай пиаласы шықты. Ол өте жоғары сападағы фарфордан жасалып, ішкі жағына бедерлі өрнек салынған. Түсі ақ. Тұрғын бөлмелердің ішінен күнделікті ас пісіріп, ас ішетін, астық сақтайтын ыдыстардың сынықтары, ұсақ және ірі малдардың сүйектері табылды. Қалашықтың мерзімін анықтауға көмектесетін құнды дерек жоғарғы қабаттан табылған алтын теңгенің 4/1 бөлігі. Бетінде арабша жазуы бар бұл теңгенің соғылған уақыты анықталуда.

Қазбадан табылған материалдарды қолда бар деректермен және қазбадан алынған мәліметтермен байланыстыра

қарастырсақ, Керей мен Жәнібек хандардың алғаш ат басын тіреп, салған қалалары осылар ма деген ой туады. Өйткені, Шәрі мен Қойшыман қалашықтары қатар орналасқан. Бұл жағдай өмірінің соңына дейін жұптары жазылмаған екі ханның жаңа жерде де іргелес қоныс тепкендігін көрсететін белгі секілді. Дегенмен, Шәрі мен Қойшыман Қазақ хандығының алғашқы қаласы деп кесіп айтуға әлі ертерек секілді. Қазбадан жиналған заттай деректер қазіргі кезде зерттелу үстінде. Мерейтойды атап өтетін уақытқа аз қалған кезде басталған бұл зерттеудің материалдары күрделі шешім айтуға жеткіліксіз болары анық. Сондықтан мүмкіндігі болғанша осы зерттеуді алдағы жылдарда жалғастырып жүрміз. Сонда ғана Қазақ хандығының қалыптасу тарихын толықтыратын тың мәліметтер алатынымыз сөзсіз деп ойлаймыз.

Д.А. ТАЛЕЕВ,

археология, этнология және музеология кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к.

30 қазанда физика-техникалық факультетінде ұлағатты ұстаз Ж.Ө.Өмірбеков атындағы жыл сайынғы Республикалық олимпиада мен шахматтан турнир өтеді



Арман ҚҰДАЙБЕРГЕН
ОҚО, Мақтарал ауданы,
Жетісай қаласында дүниеге
келген. Бала кезден поэзияны
жанына серік етіп, Абайды,
Шәкәрімді, Мұқағали мен Қадыр
шығармаларын сүйіп оқыған.
Мектеп кезден аудандық,
облыстық Мұқағали, Абай-
Шәкәрім оқуларының жеңімпазы
атанған. Арманы – мәңгілікке
қалатын қазақ әндеріне мәні
мен мағынасы үйлескен сөз
жазу. Арман – қазіргі уақытта
журналистика факультетінің
4-курс студенті.

САҒАН ДЕГЕН..

Саған деген менде сезім болғанмен,
Сол сезімге екеуіміз де алаңбыз.
Маған деген сенде сезім болғанмен,
Бір емеспіз, екі басқа адамбыз.

Біздің сезім өкпелі-ау, көктегі,
Жасын болып жерге түсіп жатқандай.
Білем, жаным, мұның бәрі өтпелі,
Сүймейсің бе қоя қойшы ақталмай.

Не де болса, шынықты айт, жасқанба,
«Тіл кеспек жок» екендігін ұмытпа.
Мені ойла әрбір қадам басқанда,
Көзді ашып, ойла мені жұмып та.

Сосын ойла, ісіннің ақ-қарасын,
Үстем түссе оны айт, бақталасым.
Мейлі, тағдыр осылай болған болса,
Кете бергін, неліктен ақталасың?

Кете бергін, өткенге қарайлама,
Болашақ қол бұлғаса шарайнада.
Елендесе жүрегің өзге жаққа,
Қосыласың менімен қалай ғана?

Кештім бәрін ісіннің кем-кетігін,
Самал менен бір болып тербетілдің.
Сәбиісің өйткені ең даланың,
Нәрестесі жұп-жұмыр жер бетінің.

Саған деген менде сезім болғанмен,
Сол сезімге екеуіміз де алаңбыз.
Маған деген сенде сезім болғанмен,
Бір емеспіз, екі басқа адамбыз.

БІР АРУДЫҢ КӨЗ ЖАСЫ

Пендеге тағдыр түрлі сынақ берді,
Бір бойжеткен егіліп жылап келді.
Қыз деген жылау үшін жаралмаған,
Түсіненші, ей, тағдыр, жылатпа енді.
Қыз жылайды тоқтамай, егіледі,
Көзінен моншақтап жас төгіледі.
Зар жырынан байқадым сормандайдың,
Өміріне өкпелі көрінеді.

Шарқ ұруда беймәлім тылсым кеуде,
«Ішіме кіріп алған кімсің?» деуде.

Қыз бойына көз тастап қарап қалсам,
Екі жүрек бір тәнде дүрсілдеуде.
Маған қарай бойжеткен аяңдады,
«Мен өмірге келгелі оянғалы.
Жетімдікпен күн кешіп келем, аға», —
Деп бар жайын жетім қыз баяндады.

Пендеге тағдыр түрлі сынақ берді,
Бір жетім қыз осылай жылап келді.
Жылағаны аз емес шығар, сірә,
«Жетімек» деп, ей, тағдыр, жылатпа енді.

Аға, білсең мен сондай сорлы адаммын,
Санамды жегідей жеп торлаған мұң.
Сүйем деген соқыр сөз естідім де,
Алдауына түстім бір оңбағанның...

Өтер-кетер ләззатты бұл ақ тандар,
Ойланайық әр іске сұрақтар бар.
Сүйсен де, сүймесен де, ей, жігіттер,
Сені сүйген жандарды жылатпандар.

Пендеге тағдыр түрлі сынақ берді,
Бір жас ана осылай жылап келді.
Ана деген Алладан кейінгі адам,
Аналарды ей, тағдыр, жылатпа енді.

Туу, өмір — ұзақ жол, екі нүкте,
Пендені, өмір, өтінем жетім етпе...

БІР АУЫЗ СӨЗ...

Адам жаны жамандық қаламайды,
Ақ-қараңа жақсылар қарамайды.
Бір ауыз сөз бақытқа кенелтеді,
Бір ауыз сөз жаныңды жаралайды.

Бір сөз үшін біреулер майып болар,
Бір сөз үшін біреулер ғайып болар.
Тілді берген Тәңірге "ШҮКІР" десіп,
Тік жүрген пенделерге лайық болар.

Ақ сүт берген анаңа "ЖАНЫМ" дегін,
Асқар таудай әкене "ХАНЫМ" дегін.
Еркелетіп атаң мен әженді де,
Шекерім де, балым де, барым дегін...

Жылы сөйле үлкенге, кішіге де,
Көңілге біреу қаяу түсіре ме
Бір-ақ ауыз оған да жылы сөз айт,
Береке берер тәңір ісіңе де.

Адам жаны жамандық қаламайды,
Ақ-қараңа жақсылар қарамайды.
Бір ауыз сөз бақытқа кенелтеді,
Бір ауыз сөз жаныңды жаралайды.

ҒАШЫҚ БОЛҒЫМ КЕЛІП ЖҮР...

Не болғанын білмеймін, маған, Алла,
Көп іздедім, іздеймін, таба алам ба?
Ғашық болғым келіп жүр, ғашық болғым,
Жүрегінде...
Иманы бар адамға.

Сөздерінде тәңірді тиек етіп,
Көздерімен көзімді сүйе кетіп.
Өзгелерге сый жасап, орныменен,
Өзін де сыйлатқызар жүйелетіп.
Адам болса осындай мені сүйер,
Сөз беремін, мен де оны сүйем өтіп.

Мінезінде көркемдік қылаң берсе,
Бір өзінде өр теңдік сыңар келсе.
Тірек болса болғаны, тілегім сол,
Жүрегімен іс қылып, Хакка сенсе.

Айтылмаған сырмды айтар едім,
Жазылмаған жырымды байқар еді.
Сезінбеген сезімді бастан кешіп,
Қайран қалып ғаламға қайтар еді.

Қарсы келмен Алланың жарлығына,
Пендемін, көніп өтем барлығына.
Жаратқаннан сұраймын жалбарынып,
Өзгерту енгізіші, — деп тағдырыма.

Е, Алла, иманды жан кезіктіргін,
Өзгесінен білмеймін безіп тұрмын.
Тілегімді білемін қабыл алдың,
Бәрі жақсы болады, сезіп тұрмын.

Сөзім осы ойымды жарып тұрған,
Сезім осы бойымды жарық қылған.
Төзім осы, әрменге дәрменім жок,
Өзім осы, басқа еш пәрменім жок.

Сүйсінетін көрген жан қарағанда,
Жан іздедім, білмеймін, таба алам ба?
Кезіктірші, Тәңірім, не де болса,
Жүрегінде...
Иманы бар адамға.

ҒАШЫҚ ЖАНЫҢ ҒАЗАЛЫ

Пай, пай, пай,
Нұрлы жүзің ақ таңдай,
Хордың қызын жамалың басып озып
жатқандай.
Тізілген тіс маржандай, қою шашың
мақпалдай,
Сені көріп күй кештім бакытымды
тапқандай.
Айдың қызы шығарсың ақ жүректі, ақ
мандай.

Асылым-ай,
Не болады келер күн...
Ойда-жокта кейіпкері болып алдың
өлеңнің.
Тағысымын мен елдің, Хақ ісіне көнермін.
Кім біледі өстіп жүріп ғашықтықтан
өлермін.
Тағдырыма қарсы келмен басқа түссе

көермін.

Бірақ, бірақ,
Мойыл кара көзінді,
Елжіретем, мендік етем мөлдір-мөлдір
сезімді.
Шымшылаймын өзімді, қамшылаймын
төзімді,
Құрып халім кетсе дағы орындаймын
сөзімді,
Ауылыма алып кетем «келін» етіп өзінді.

О, дариға,
Баға жетпес қадірлім,
Сынығысың інжу, маржан, гауһар, жақұт,
лағылдың.
Қол бұлғайсың арасынан қатпар-қатпар
сағымның,
Өлшемі сен барымның, бөлшегісін
жанымның,
Маған сыйы шығарсың жаратушы
тәңірдің.

Кел, кел, Айым,
Кел, кел бермен, кел бермен,
Жүрегі жоқ жан емеспіз ең далада
сенделген.
Билетейік еріндерді, қысылмайық енді
елден.
Қос аққудай сертке адал айдын-көлде
тербелген,
Жан болайық, таң қылайық бар ғаламды
көргеннен.
Періштесі пенденің бір ғана өзін мен
көрген,
Кел, кел, айым, құшақ жая құшағыма кел
бермен.

Бітсін бәрі,
Бітсін бәрі түгесін,
Арманда жоқ айып дер, «Ақын» деген ұлы
есім.
Егілерсің-жыларсың, сөңілерсің-күлерсің,
Тағдыр солай, өзінде бар үмітім мен
үлесім.
Бір мен емес өзің дағы білесің-ау, білесің.

Иә, солай,
Өмір өтер қас-қағым,
Қас-қағымға қарайламай қайта ғұмыр
бастадым.
Бақыт өзі іздеп келер, мен Арманмын
саспағын.
Қуаныштан моншақтап үз жанарыңның
жастарың,
Мұң мен қайғы баспаған кірлемесін жас-
жаның.

Қаламаймын,
Сен тұрғанда басқаны,
Аяғымның астында тұр «Алатаудың»
асқары,
Қол созым жер 18 мың ғаламның да
аспаны.
Періштелер мадақтауда сені-мені Тәңірге,
Бұл ғасырдың сен екеуіміз екенбіз ғой
дастаны.
Сондықтан да мен қаламан, сүйе алман
басқаны.

■ СТУДЕНТТІК ЕЗУАРТАР

Бір студент қыз жатақханаға келсе, құрбысы жылап отыр екен.
- Не болды, неге жылап отырсың? — дейді ол құрбысына.
- Мен ата-анама ұялы телефон үшін ақша керек деп айтып
жіберіп едім...

- Ия, енді олар саған ақша берген жоқ па?
- Жоқ, олар маған телефон салып жіберіпті...

Дәрісханада бақылау жұмысы өтіп жатады. Кезекті бір студент жұмысын
тапсырғалы тұрғанда әбіржіген түрін көрген профессор:
- Сіз неге соншама әбіржіп тұрсыз? Менің сұрақтарымнан қорқасыз ба? — деп
сұрайды.

Студент:
- Жоқ, мен өзімнің жауаптарымнан қорқып тұрмын.

Емтихан өтіп жатады. Қырағы кезекші тәртіп бұзғандарды (шопр
пайдаланғандарды) кезегімен шығара береді. Аздан соң декан кіріп:



- Тәртіп бұзғандарды шығарып болдың ба? — дейді.
- Жоқ, енді кәсіпқойлары ғана қалды, — деген екен.

Түн. Жатақхана дәлізінде іші ауырған студент бүрісіп жатыр. Кезекші апай
жедел жәрдем шақырумен қарбаласып жүр. Ауырып жатқан студенттің
қасынан өтіп бара жатқан екі студент бір-біріне:

- Естідің бе?
- Нені?
- Анау студент: "Кешеден қалған макаронды жемеймін", — деп жатыр.

Студенттің ұялы телефонына ата-анасынан sms келеді.
- Ұлым, емтихандарыңды қалай тапсырдың? Жауабын
жазып жібер.
Студент ойланбастан:
- Өте жақсы тапсырдым. Риза болған оқытушы жазда тағы
тапсыруымды өтінді, — деп жауап жазып жіберіпті.



Massaget.kz сайтынан алынды

Европа в КазНУ

В КазНУ прошла ярмарка Европейского высшего образования. В мероприятии приняли участие восемьдесят вузов и образовательных организаций из 24 стран Европейского Союза (ЕС).

Посетители выставки смогли ознакомиться и получить полную и достоверную информацию, касающуюся обучения в университетах стран Европейского Союза, на всех уровнях: начиная от бакалавра, магистра до уровня PhD.

В ярмарке участвовали как многопрофильные вузы, так и узкопрофильные университеты. Так, к примеру, на ярмарке был представлен медицинский университет Плевен из Болгарии. Вуз является сильнейшим учебным заведением не только в стране, но и в пространстве Европы.

Как отмечает один из организаторов мероприятия, представитель делегации Европейского Союза в Казахстане Траян Христеа, выставка — это большая возможность для молодых людей получить профессиональное образование и навыки

в лучших университетах ЕС. Он также подчеркнул тот факт, что студенты и университеты из Казахстана активно и успешно участвуют в образовательных программах ЕС. И эта тенденция с каждым годом увеличивается и дает отличные результаты. Так, КазНУ им. аль-Фараби активно участвует в проектах программы Европейской комиссии ТЕМПУС с целью дальнейшего совершенствования системы высшего образования. «Начиная с 1995 года программа ТЕМПУС помогла запустить 76 образовательных проектов, в которых приняли участие 45 казахстанских университетов. В течение десяти последних лет образовательные программы и стипендии ЕС помогли получить образование более тысячи студентам из Казахстана», — отметил он.

Tempus — одна из самых продолжительных программ Европейского Союза и направлена на содействие проведения социальных и экономических реформ и развитие систем высшего образования в странах-партнерах Европейского Союза.

Организаторы ярмарки отметили 5 причин, которые являются важными критериями при выборе вуза для обучения в Европе. Это — гибкость



выбора. Студентам предоставляется выбор из десяти тысяч специализаций. Традиции — европейские университеты, старейшие вузы в мире, обладают особыми традициями образования, корни которых уходят в далекое прошлое. Инновации — ученые вузов Европы делают глобальные новейшие научные открытия, и их исследования

спонсируются правительствами стран и ЕС. Качество — вузы Европы постоянно совершенствуются и оттачивают работу над качеством образования. Доступность — в каждом вузе поступающему студенту предоставляются курсы адаптации и подготовки к профессиональному обучению на языке страны.

Рустем АБРАЕВ

Студенттер де құрбан шалды...



ҚазҰУ-да №15 студенттер үйінде жатақхана меңгерушісі Айгүл Дониярованың ұйымдастыруымен студенттер қасиетті Құрбан айт мерекесіне құрбан шалып, дастархан жайды. Айт мерекесіне факультет басшылығы мен ұжымы, белгілі тұлғалар және студенттер қатысып, жайылған дастарханнан дәм татты.

Бұл — біліммен коса, тәрбиені қатар алып жүрген жатақхана студенттерінің дәстүрлі шарасы. Жоғары курс студенттері айт мерекесіндегі дәстүрді биыл ғана мектептен түлеп ұшқан талапкерлерге, қазіргі бірінші курс

студенттеріне түсіндіріп, Құрбан айт мейрамына орай құрбандық шалды. №15 студенттер үйінің меңгерушісі Айгүл Дониярова: «Қасиетті мерекемізге деген дайындықты бір апта бұрын бастап кеттік. Жатақханада тұратын болашақ

журналист-студенттеріміз бұл бастаманы жылда жақсы қолға алып, ұйымшылдықпен атқарып келеді. Биыл да бір кісідей жұмылып, айт мерекесін ерекше дайындықпен қарсы алдық. Келген қонақтарымыз да, студенттеріміздің ұстаздары да студенттерімен бірге айттап, мерекенің қадірін арттыра түсті», — деп өз ойымен бөлісті.

Студенттер үйіндегі айт мерекесіне арнайы шақырылған Тағар аудандық мешітінің баспасөз хатшысы Кәмнұр Тәлімұлы: «Намаз оқу — әрбірімізге парыз. Біздің қасиетті Құран — бүкіл дүние-әлемінің ілімі, екі дүниенің шамшырағы. Құран бізге тура жолды көрсетуші, ол ақынның, жазушының бір ғылыми еңбегі емес, бұл Жаратушы Алла Тағаланың кәлліамы. Қасиетті Құранымызда математика ғылымына арналған 61 аят, физика ғылымына арналған 64 аят, қолданбалы математикаға, ядролық физикаға арналған 5 аят бар. Осындай ғылымның кез келген саласына арналған аяттар бар. Барлық ғылым Құранда айтылған. Сондықтан Құранды оқу керек, ол барлық ғылымның бастауы, шыңы. Сол сияқты шамасы келген әрбір адам құрбан шалу қажет. Бүгін бір ерекше, ұлықтың ұлы күні. Айт мерекесіне демалыс берілуінің өзі — біздің жүрегімізде иманның барлығы, мемлекеттік тұрғыда үлкен абырой», — деп дастархан басына жиналған студенттерге ілім-білімге бағытталған дәріс оқып, қасиетті мейрам жайлы мол мағлұмат берді.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
журналистика магистрі

■ ДҮНИЕ-ДҮРМЕК

Күні кеше Американың Аэроавтика және ғарыштық зерттеулер ұлттық басқармасы (NASA) арнайы баспасөз мәслихатын өткізіп, Марстан судың қалатынын мәлімдеді. Су бар болса, тіршілік те бар. Бұл туралы америкалық Bloomberg басылымы хабарлады.

МАРСТАН СУ ТАБЫЛДЫ

Баяндаманың авторлары Қызыл ғаламшардың бетінде ұдайы пайда болатын тұйық қатпарлар тұзды судың қалдықтары екенін айтады. «MRO зондының көмегімен алынған суреттер мен ақпараттар Марстың экватор аймағында тұзды судың арнасы болғанын дәлелдейді. Судың ағып өткен бағыты бойымен кратерлердің сайларында қатпарлар қалыптасқан. Бұл су арнасы жақында құрғағанын немесе кейде тоқтап қалатынын білдіреді», — дейді Джорджия Технологиялық Институтының ғалымы Лажendra Оджа өзінің баяндамасында. Оджаның ғылыми еңбегі Nature Geoscience журналында жарияланды.

NASA ғалымдары спектральді талдаудың арқасында Марс кратерлеріндегі тұйық қатпарлардың құрамында магний хлораты мен перхлораты және натрий перхлораты бар екенін анықтаған. Дегенмен судан минералдар табылмаған.

Массажет. kz

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Рустем АБРАЕВ, Жұлдыз ӘБІЛ**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел.: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Талпырыс №772

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.